

**СТУДЕНТТІҢ
АНЫҚТАМАЛЫҚ-ЖОЛСІЛТЕГІШІ**



Стоматология факультеті

Түркістан – 2024



Құрметті Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті!

Сізді Түркі әлемінің және Қазақстан мемлекетінің ішінде ең алгаишақы Халықаралық мәртебеге ие болған жоғары оқу орны – Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті атануыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ахмет Ясауи университеті – түркі әлемі жастарының басын біріктірген ортақ оқу ордасы.

Сіз әлемдік деңгейде сапалы білім аласыз, білім мен ғылым әлеміне қадам басып, біліміңізді ұштап, тұрақты өсуге мүмкіндіктеріңіз ашилады.

Ахмет Ясауи университетін бітірген түлектер тек Қазақстанда гана емес, әлемнің түкпір түкпірінде қызмет жасауда. Қазақстанның жарқын болашағы білімді жастардың, сіздің қолыңызда!

***Ізгі ниетпен,
университет президенті Ж.А. Темірбекова***

МАЗМҰНЫ

Университет әкімшілігі	4
Университеттің қысқаша сипаттамасы	5
Стоматология факультеті	11
2024-2025 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе	16
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық саясаты	17
2024-2025 оқу жылы университетте келісім шарт негізінде білім алушыларға арналған женілдіктер мен шегерімдер жүйесі	27
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Бірынғай автоматтандырылған» жүйесі	31
Студенттік өмір	32

УНИВЕРСИТЕТ ӘКІМШІЛІГІ

Қызметі	Аты-жөні	Қабылдау телефоны
Ректор	Темірбекова Жанар Амангелдіқызы	6-38-48
Ректор өкілі	Нажи Генч	6-36-01
Академиялық мәселелер вице-ректоры	Идрисова Эльмира Қайсарбекқызы	6-35-77
Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры	Ошибаева Айнаш Есімбекқызы	3-63-51
Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры	Мустафа Гиритлиоглу	6-36-36
Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры	Төлегенов Еділ Мейірбекұлы	6-10-67

УНИВЕРСИТЕТТИҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ



«Кожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті туысқан екі халық арасындағы байланысты нығайтып қана қоймайды, ол белді гылым шаңырақтарының қатарына қосылады».

Н.Ә.Назарбаев
Қазақстан Республикасының
Президенті

«... Ұлы ойшыл бабамыз Кожса Ахмет Ясауиге топырағы бұйырган қасиетті ата қонысымыз – Туркістанда шаңырақ көтерген бұл университеттегі ең озық гылым мен білім ордаларының біріне айналатынына кәміл сенемін».

Сұлейман Демирел
Түркия Республикасының экс-
Президенті

Бүкіл Түркі дүниесіне киелі жерде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен ашылған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 1991 жылы 6 маусымда Түркістан Мемлекеттік университеті болып құрылды. 1992 жылғы 31 қазанды Анкарада Қазақстан Республикасы мен Түркия

Республикасы Үкіметтері арасында осы оқу орнын «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті етіп қайта құру туралы» келісімге қол қойылды.

Тұысқан екі ел қазақ-түрік бауырластығы негізінде құрылған білім ордасы – түркі



тілдес мемлекеттер арасында ең алғаш халықаралық мәртебеге ие бірден-бір оқу орны. Мұнда әлемнің 29 түркі жұрағаты тұратын елдерден келген жастар білім алуда.

Университетке алғаш небәрі 332 студент оқуға қабылданған болса, қазіргі таңда 54 бакалавриат, 30 магистратура, 3 резидентура, 5 интернатура және 11 докторантура бағдарламалары бойынша әлемнің 16 мемлекетінен келген жалпы саны 10 000-ға жуық білімгер күндізгі, сыртқы, ұзақтан оқыту

бөлімдерінде білім алады, түркі тілдес елдерден – 1200-ден астам білімгер оқиды. Осы уақытқа дейін халықаралық статусына ие университет мындаған бітірушілерге сапалы білім мен өнегелі тәрбие беріп, еліміздің білікті мамандарының көбеюіне үлкен үлес қосты. Бұғандегі кең байтақ Отанымыздың кез келген түкпірінен осы оқу орнының ұстаздық, қоғамдық және мемлекеттік қызметті абыраймен атқарып жүрген түлектерін көптең кездестіруге болады.

Оқу қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Түркияның алдыңғы қатарындағы университеттерімен (Хажеттепе, Гази, Эржиес, Стамбул, т.б.) екі жақты келісімшарт жасалып, осыған сәйкес университет студенттері 1 оқу жылына немесе 1 семестр бойы түрік, ағылшын тілдерінде Түркияда білім алады.

Білім ордасы Қазақстан мен Республикалары тарапынан құрылған тұратын Үкіметаралық Өкілетті Кеңес басқарылады.

2012 жылдың қаңтар айында Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Түрік университетінің қызмет туралы келісімі және 2009 жылғы 22 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісімге» өзгеріс енгізу туралы хаттама ратификацияланды және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Өкімімен бекітілді.

2012 жылдың 24 мамыр күні Астана қаласында ресми сапары кезінде Түркия Премьер-Министрі Режеп Тайып Ердоган мырза университетіміздің ұздік түлектеріне дипломдарын тапсырды.

Университеттің тағы бір ерекшелігі - Қазақстан, Түркия және түркі тектес халықтардың талантты жастарына бір шаңырақ астында заманталабына сай әлемдегі алғашқы қалыптасқан халықаралық қазақ-түрік оқу стандартын түзетіп білім беру. Сонымен қатар, университетте оқытын барлық түркі халықтарының студенттерін қазақ халқына достық және бауырмашылдық өшпес сезімге баулу, әлемдегі шет мемлекеттер



Түркия
10 мүшеден
арқылы

Қазақстан

«Қожа
Қазақ-
шарттары
қазандағы

мен түркі текстес қауымдастықтардан келген жастарға және оралмандарға тегін білім беру қызметін ұйымдастыру болып табылады.

Университетіміз 2009 жылы TIS халықаралық түрік компаниясынан қайта сертификациялаудан сәтті өтіп, ИСО 9001:2008 халықаралық стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесі сертификатына ие болды.

Университет Болон декларациясына қосылу туралы Меморандумға, Тараз Декларациясына 2007 жылы қол қойды және 2010 жылдың қыркүйек айынан Болон Декларациясының негізі болып табылатын университеттердің Ұлы Хартиясыныңмушесі.

«Қазақстан Республикасының білім беру сапасын қамсыздандыру жөніндегі тәуелсіз агенттігінің» ұйымдастыруымен ЖОО-ның бакалавриат бағдарламалары бойынша рейтингісіне қатысып, университеттің бірқатар бағдарламалары жоғары орындарға ие болды.

Білім беру процесінде қазіргі заманға сай компьютерлік, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы ең озық оқу әдістері пайдаланылуда. On-line режимде лекция оқуға арналған видеоконференцзалда Түркия Республикасының Анкара, Стамбул университеттерінің оқытушы-профессорлары on-line режимде дәрістер оқиды. Оқу орны зертханалық құрал-жабдықтар орналасқан заманауи мамандандырылған зертханаларды, оқу кабинеттерін, оқу процесін жеделдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін макеттерді оқу үрдісінде қолданады.

Университетіміздің ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының жұмыс жасау сапасын арттыру мақсатында Интернет желісінің жылдамдығы **370Мбит/секундқа** көтерілді, барлық оқу ғимараттары талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосылды.

2012-2013 оқу жылында «Медициналық білім беру орталығы» құрылды. Мұндай орталық басқа ешбір жоғары оқу орнында болмаған. Жаңа медицина ғимаратында «Объективті құрылымдық клиникалық емтихан қабылдау» орталығы жабдықталды.



Ахмет Ясауи университеті құрамына дайындық, тіл үйрету орталығы (ұқіметаралық келісімшартқа сәйкес жыл сайын түркі тілдес елдерден 200 тындаушы); 11 факультет, 150 орынға арналған медициналық клиникалық орталық, көpsалалы медициналық клиника, медициналық оқу-клиникалық база; Анкарада ұзактан оқыту факультеті (TURTERP), Ахмет Ясауи кәсіби колледжі; арнайы мамандандыру орталығы; ғылыми-зерттеу және оқу-зерттеу зертханалары; университет қалашығы (300 га), оның ішіне ботаникалық бақ (100 гектар) кіреді. Кітапхананың жалпы қоры 1 млн.-ға жуық кітапты құрайды.

Академиялық ұтқырлық болімі.

Қазіргі таңда студенттеріміз Америка, Европа, Азия университеттеріне барып, білім алып келуде. Оған қоса ОПК қызметкерлері де көптеген әлемде болып жатқан ғылыми конференцияларға қатысып, біліктілігін арттыруда. Жыл сайын студенттеріміз Мәулана академиялық аудису бағдарламасы бойынша Түркия мемлекетінің Гази, Хажеттепе, Мұғла, Эрджиес, Ататүрік, Балкесир, Стамбул, Майыс, Йылдырым Беязит, Сакария, Ыстамбул, Реджеп Таип Ердоған, Эрбакан, Думлупұнар, Джумхуриет, Дүздже және Ақдениз университеттерінде бір семестр көлемінде білім алуша. Университеттің студенттері мен

тұлектері ЖОО-ның мәртебесіне және халықаралық келісімшарттарға сәйкес бакалавриатта, магистратурда және докторантурада Түркияның алдыңғы қатардағы университеттерінде өз білімін жалғастыруда.

Ғылыми қызметі. Университетте Экология ғылыми-зерттеу институты, Түркология ғылыми-зерттеу институты, Археология ғылыми-зерттеу орталығы жұмысістейді. Университет ғалымдары Халықаралық Темпус және басқа бағдарламалары бойынша жобаларға қатысып, жетекшілік етуде және ғылым саласындағы гранттар бойынша нәтижелі жұмыстарын жалғастырып жатыр. Студенттердің тұрақты ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуна барлық жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, студенттердің республикалық ғылыми жобалар конкурстары мен пәндік олимпиадаларында жеңімпаздар мен жүлдегерлер саны жыл сайын артуда.

Мәдени және әлеуметтік сала.

Университетте «Шаңырак» студенттік клубтар басқармасы жұмыс атқарады. Оның құрамында Халықаралық қазақ-турік университеті студенттерінің ынтымағын арттыру және достық байланыстағы іс-шараларға қолдау көрсету және студенттердің әр түрлі саладағы қызығушылықтарына қолдау көрсету мақсатында 27 клуб ашылып, жұмыс жасайды. Клубтардың жұмыстарына, қажеттіліктеріне Өкілетті Кеңес тарапынан материалдық және басқа да қолдау көрсетіледі. 29 ұлт пен ұлыстың өкілдерінен құралған «Достық» би композициясы университеттің мақтанышының бірі.

Тәрбие кеңесі, Мәдениет орталығы мен Продюсерлік орталық, Спортклуб, Жастар үйімі мен Студенттік ректорат және «Шаңырак» студенттік клубтардың координациялық басқармасы сынды құрылымдар халықаралық, республикалық, облыстық және қала мен университет деңгейінде жүргізілетін қоғамдық-мәдени жұмыстарға студенттердің көптеп тартылуын, салауатты өмір салтына сай спорттық шараларға араласуы мен әртүрлі үйірмелерге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, университет базасында 2005 жылы негізі қаланған Б.Саттарханов атындағы республикалық «НАМЫС» жастар қоғамдық бірлестігі – студент жастарға отаншылдық рухта тәрбие беруге жемісті атсалысуда.



Мысыр, Ресей, Польша, Өзбекстан елдерінің ғылыми-зерттеу орталықтары, университеттерімен мамандар даярлау, ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және т.б. бағыттарда жұмыстар жүзеге асырылуда. Оқу ордамызда білім алғыш жатқан жастарға Түркия, Өзбекстан, Мысыр елінен келіп елуге жақын шетелдік оқытушы-профессорлар дәріс береді.

Халықаралық ғылым мен білімді мақсатында Европалық елдердің ЖОО-Трансеуропалық мобиЛЬДІ ТЕМПУС бағдарламасы аясында жарияланған

Халықаралық қатынастар білімі университеттің халықаралық байланысын кеңейту мақсатында шетел жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу орталықтары, білім беру қорларымен екі жақты және көпжақты байланыс орнату үшін халықаралық саясатын жүргізеді. Қазіргі таңда университетіміздің білім және ғылым саласында 35 шетел университеттерімен келісімшарттары бар. Осы ынтымақтастықтың аясында Ұлыбритания, Түркия, Қытай,



жетілдіру
ның құрған
конкурстық

жобаларға университет ғалымдарын қатыстыру жұмыстарын тиянақты жүргізеді. 2012-2013 оқу жылында оқу ордамыздың ғалымдары Темпус IV бағдарламасы бойынша жобаны ұтып алды, жобаның координаторы Мидлсекс университеті (Англия), ал мүшелері Лейпциг университеті (Германия), Валенция университеті (Испания), Кипр университеті (Кипр) және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Әль-Фараби атындағы ҚазҰМУ-i, Ш.Уалиханов атындағы Кекшетау Мемлекеттік университеті.

Халықаралық білім-ғылымдарына мүшелілігі:

- Университеттердің еуразиялық ассоциациясы (EAU);
- Университеттердің Ұлы хартиясы (Magna Charta Universitatum);
- Қашықтықтан оқытуудың ғаламдық университеттер ассоциациясы (GUIDE);
- Университет ректорларының халықаралық ассоциациясы;
- Еуропалық Одақ және АҚШ елдерінің елшіліктері.

Ғылыми басылымдары:

- «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы» кезеңдік ғылыми журналы;
- «Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар»
- «Жаратылстану ғылымдары» серияларында;
- «Түркология» Халықаралық ғылыми
- «Jelmaya» (Анкара) Халықаралық журналы;
- «Ayhaber» (Анкара) Халықаралық журналы.
- «Bilik» (Анкара) Халықаралық ғылыми журналы;



журналы;
ғылыми

ғылыми

Жұмысқа орналастыру. Университетте «Бітірушілерді жұмыспен қамту және маркетинг» бөлімі – студенттерге және тұлектерге табысты мансап құруға, кәсіби өсуіне және дамуына ақпараттық-кеңес көмегін көрсететін құрылым. Бітірушілерді жұмыспен қамту және маркетинг бөлімінің міндеті - еңбек нарығындағы бос жұмыс орындарын анықтап, университет бітіруші тұлектерін жұмысқа орналастыру механизмін қарастырады. Бітірушілердің жұмысқа орналасуына ықпал ету, кәсіби дамуы мен мансаптық (карьералық) өсуіне көмек көрсету, бағыт беру, бақылап отыру қызметтерін атқарады. Университет студенттерін түрлі компаниялардың мақсатымен, қызмет түрлерімен таныстыру және жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін білу үшін талдау жұмыстарын жүргізіп отырады. ҚР БжFM, ДСМ, Облыстық білім, Денсаулықсактау басқармаларымен қатар, басқа да ЖОО-мен тығыз байланыс орнатып, бітірушілерді жұмысқа орналастырудың алдын ала шараларын үйимдастырады. Студенттердің түрлі мекеме, компаниялардың вакансиялары бойынша карьералық өсу мүмкіндіктері туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді. Жұмысқа орналасуда студенттер мен бітірушілерге психологиялық кеңестер береді. Мамандық шығарушы кафедралармен жұмыс жүргізе отырып, студенттерді мамандыққа сәйкес түрлі мекемелер мен кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу институттарында, мектептер мен денсаулықсактау мекемелерінде дипломалды, өндірістік тәжірибелерден өткізууді үйимдастырып, келісімшарт түзу жұмыстары жүргізіледі.

ХКТУ университетінің Стоматология факультетінің басшылығы

	<p>ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ</p> <p>Кыванч Камбуровглу Доктор, профессор</p> <p>Стоматология факультеті, кабинет №334</p> <p>8 (7253) 3-6-36-22 kivansh.kamburoglu@ayu.edu.kz</p>
	<p>Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары</p> <p>Татыкаева Угилжан Бурхановна Фылым кандидаты, ага оқытушы</p> <p>Стоматология факультеті, кабинет №335</p> <p>+7 (7253) 3-6-36-22 ugilzhan.tatykayeva@ayu.edu.kz</p>
	<p>Фылым эне тәрбие жөніндегі декан орынбасары</p> <p>Ырысбай Сымбат Аубакировна Магистр , оқытушы</p> <p>Стоматология факультеті, кабинет №308</p> <p>+7 (7253) 3-6-36-22 symbat.yrysbay@ayu.edu.kz</p>

КАФЕДРА МЕНГЕРУШЛЕРІ

Қызметі	Фылыми дәрежесі және атағы	Аты-жөні	Қабылдау телефоны
---------	----------------------------	----------	-------------------

Фундаментальды медициналық ғылымдар кафедрасы	Т.ғ.к., аға оқытушы	Айболова Гулнар Құрбантаевна	+7(72533) 6-36-36
Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы	Х.ғ.к., доцент	Тулешова Эльмира Жанбыраева	+7(72533) 6-36-36
Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы	PhD, доцент м.а.	Нұрдинов Нұрсұлтан Сейсенбайұлы	+7(72533) 6-36-36)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

Жалпы білім берудің мақсаттары:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ медициналық білім беру саласындағы педагогикалық стратегиясы — адамдардың денсаулығын жақсартуға және медициналық тәжірибедегі, зерттеулердегі және білім берудегі инновациялар арқылы өркендеуіне жағдай жасау;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ медицина факультетінің білім беру бағдарламасы медициналық білім берудің бірегей континуумындағы негізгі құзыреттіліктердің біріктіліген шиыштықты дамуына негізделген: базалық медициналық білім беру, интернатура, резидентура, магистратура, докторантура және үздіксіз кәсіби даму;

Медициналық ғылыми және терапевтік басылымдар тасқынында дәрігерлерді бағытынан жаңылмауға үйрету және дәрігерлерді кәсіби қызметінің өн бойында үздіксіз үйренуге ынталандыру;

Жалпы білім берудің міндеттері:

Оқу қағидалары жедел ғылыми-техникалық ілгерілеу мен ақпараттық жүктемелердің өсуі жағдайларындағы дербес дамудың құндылықтарына негізделген, өмір бойындағы үздіксіз оқуға бағыттау;

Бағалау дербес даму кезіндегі құзыреттіліктерді менгеру нәтижелерін бағалауға бағытталған және білім, дағды, қарым-қатынас, мінез-құлықтың біріктіліген бағасын қурау;

Қажетті құзіреттер деңгейін менгеру нәтижесін, оқытудың соңғы нәтижелеріне жетуді, білім беру мен бағалау әдістерін үнемі мониторинг жасап отыруды арнайы Комитеттердің бақылап отыруына негіздеу: Білім беру бағдарламалары комитеті, Білім беру мен бағалау әдістері комитеті.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білімі :

Білімгерлер денсаулық сақтау жүйесінің жоспарлы оқыған саласында жұмыс істеу қабілеттілігін игереді; .

Білім мен жаңалық медицинада фундаменталды, клиникалық, психологиялық және әлеуметтік пәндерді білүмен қатар эпидемиялогияны және қоғамдық денсаулық сақтау клиникалық медициналық этика мәселелері, клиникалық дағдылар (диагностика, әрекет ету, сөйлесу, емдеу және аурулардың алдын алу, денсаулық сақтау, өзін қалпына келтіру, клиникалық ойлау және мәселені шешу) үнемі оқып жетілдіреді

Қолдана білуі:

Медициналық емес, биомедициналық, клиникалық, әлеуметтік ғылымдарды тәжірибе жүзінде қолданады.

Зерттеу сұрағын дұрыс құра алады, дереккөздерді іздей алады, әдеби дереккөздерге сын көзімен баға береді, әсерлі презентация жасай алады, компьютер технологияларын қолдана біледі.

Ғылыми зерттеуді жоспарлау мен жүргізу қағидаларын түсінеді, алынған нәтижелерді сынни түрғыдан қарастырып, статистикалық өндеуден өткізе алады, медициналық публикациялардың ережелерін біледі.

Біліктілігі:

Бітіру емтиханында талап етілетін білім мен дағдыны біріктіре отырып, оны дипломнан кейінгі медициналық білім алуға қолдану білуі керек;

Студенттер бітіру емтиханына дейін білім мен дағдыны біртұтас менгеруі керек.

Құзіреттілігі:

Бітірушінің білімі мен дағдысы туралы бағалау ақпаратын оқыту бағдарламасында зерттеліс жоспарын жасауда кері байланыс көрсеткіштері ретінде пайдалану қажет

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРИАТ 1-3 курс
6B10189-Стоматология білім беру бағдарламасы үшін**

	Қызметтүрі	Оқу кезеңі	Апта
Күзгі семестр	Бағыт-бағдар беру /Пәнге тіркелу/Қайтапәнгетіркелу	26–31 тамыз2024жыл	<i>1апта</i>
	30-тамыз	ҚР-ның Конституациясыні	
	Теориялықоқу	02қыркүйек–14желтоқсан2024жыл	<i>15апта</i>
	Аралықбақылау(A ₁)	14–19қазан2024жыл	<i>1апта</i>
	25-қазан	Республикакүні	
	Аралықбақылау(A ₂)	9–14желтоқсан2024жыл	<i>1апта</i>
	16-желтоқсан	Тәуелсіздіккүні	
	Аралық аттестаттау	17желтоқсан2024ж.-4қаңтар2025ж.	<i>3апта</i>
	1,2-қаңтар	Жаңажыл	
	Қорытындыбақылаудан(емтихан) «FX»бағасыналғанжағдайдақайта тапсыру	06–11қаңтар2025жыл	<i>1апта</i>
Көктем-семестр	Қысқыканикул	13–26қаңтар2025жыл	<i>2апта</i>
	Қайтапәнгетіркелу	20–26қаңтар2025жыл	<i>1апта</i>
	Теориялықоқу	27қаңтар–10мамыр2025жыл	<i>15апта</i>
	8-наурыз	Халықаралықәйелдеркүні	
	21,22,23наурыз	Наурызмейрамы	
	Аралықбақылау(A ₁)	10–15наурыз2025жыл	<i>1апта</i>
	Пәнгетіркелу	14–19сәуір2025жыл	<i>1апта</i>
	1-мамыр	Қазақстанхалқыныңбірлігі күні	
	7-мамыр	ОтанҚорғаушыларқуні	
	9-мамыр	Женіскүні	
Көктем-семестр	Аралықбақылау(A ₂)	05–10мамыр2025жыл	<i>1апта</i>
	Аралықаттестаттау(1,2-курс)	12–31мамыр2025жыл	<i>3апта</i>
	Аралықаттестаттау(3-курс)	13–24мамыр2025жыл	<i>2апта</i>
	Қорытындыбақылаудан(емтихан) «FX»бағасын алғанжағдайдақайта тапсыру(1,2-курс)	02–07маусым2025жыл	<i>1апта</i>

	Қорытындыбақылаудан(емтихан) «FX»бағасыналғанжағдайдақайта тапсыру (3-курс)	26–31мамыр2025жыл	1апта
	3-курсӨндірістікпрактика практика(Жалпымедицина)	02–14маусым2025жыл	2апта
	3-курсӨндірістікпрактика практика(Стоматология)	02–21маусым2025жыл	3апта
	Демалыс(1,2-курс)	09маусым–31тамыз2025жыл	12апта
	Демалыс(3-курсЖалпы медицина)	17маусым–31тамыз2025жыл	11апта
	Демалыс(3-курсСтоматология)	23маусым–31тамыз2025жыл	10апта
	Жазғысеместр	16маусым–26шілде2025 жыл	6апта
	6-шілде	Астанақүні	

4-курс 6B10156-Стоматология білім беру бағдарламасы үшін

	Қызыметтүрі	Оқу кезеңі	Апта
Күзді семестр	Қайтапәнгетіркелу	26–31 тамыз2024жыл	1апта
	30-тамыз	ҚР-ның Конституциясыні	
	Теориялықоқу	02қыркүйек–14желтоқсан2024жыл	15апта
	Аралықбақылау(A ₁)	14–19қазан2024жыл	1апта
	25-қазан	Республикақүні	
	Аралықбақылау(A ₂)	9–14желтоқсан2024жыл	1апта
	16-желтоқсан	Тәуелсіздіккүні	
	Аралық аттестаттау	17–28желтоқсан2024жыл	2апта
	1,2-қаңтар	Жаңажыл	
	Қорытындыбақылаудан(емтихан) «FX»бағасыналғанжағдайдақайта тапсыру	30желтоқсан2024ж.–04қаңтар 2025ж.	1апта
Коктемгісеместр	Қысқыканикул	06–18қаңтар2025жыл	1апта
	Қайтапәнгетіркелу	13–18қаңтар2025жыл	1апта
	Теориялықоқу	20қаңтар–03мамыр2025жыл	15апта
	8-наурыз	Халықаралықәйелдеркүні	
	21,22,23наурыз	Наурызмейрамы	
	Аралықбақылау(A ₁)	03–08наурыз2025жыл	1апта
	Пәнгетіркелу	14–19сәуір2025жыл	1апта
	1-мамыр	Қазақстанхалқыныңбірлігікүні	
	7-мамыр	Отан Қорғаушыларкүні	
	9-мамыр	Женіскүні	
	Аралықбақылау(A ₂)	28сәуір –03мамыр2025жыл	1апта
	Аралық аттестаттау	05мамыр–17мамыр2025жыл	2апта
	Қорытындыбақылаудан(емтихан) «FX»бағасыналғанжағдайдақайта тапсыру	19–24мамыр2025жыл	1апта

4-курс Өндірістік практика практика(Стоматология)	26 мамыр–21 маусым 2025ж.	<i>4апта</i>
Демалыс(Жалпы медицина)	26 мамыр–31 тамыз 2025жыл	<i>14апта</i>
Демалыс(Стоматология)	23 маусым–31 тамыз 2025жыл	<i>10апта</i>
Жазғысеместр	16 маусым–26 шілде 2025 жыл	<i>6апта</i>
6-шілде	Астанақүні	

5-курс 6B10156-Стоматология білім беру бағдарламасы үшін

	Қызыметтүрі	Оқу кезеңі	Апта
Күзді семестр	Қайтапәнгетіркелу	26–31 тамыз 2024жыл	<i>1апта</i>
	30-тамыз	ҚР-ның Конституциясын	
	Теориялық оқу	02 қыркүйек–14 желтоқсан 2024жыл	<i>15апта</i>
	Өндірістік практика	теориялық оқытумен бірге цикл сабактар (лектер бойынша әр семестрде, әр топқа) біткеннен кейін 4 аптаға қойылады	<i>15апта</i>
	Аралық бақылау(A ₁)	14–19 қазан 2024жыл	<i>1апта</i>
	25-қазан	Республика құні	
	Аралық бақылау(A ₂)	9–14 желтоқсан 2024жыл	<i>1апта</i>
	16-желтоқсан	Тәуелсіздік құні	
	Аралық аттестаттау	17–28 желтоқсан 2024жыл	<i>2апта</i>
	1,2-қаңтар	Жаңажыл	
Көктемісеместр	Корытынды бақылаудан (емтихан) «FX» бағасына алған жағдайдақайта тапсыру	30 желтоқсан 2024ж.– 04 қаңтар 2025ж.	<i>1апта</i>
	Қысқыканикул	06–18 қаңтар 2025жыл	<i>1апта</i>
	Қайтапәнгетіркелу	13–18 қаңтар 2025жыл	<i>1апта</i>
	Теориялық оқу	20 қаңтар–03 мамыр 2025жыл	<i>13апта</i>
	8-наурыз	Халықаралық әйелдер құні	
	21, 22, 23 наурыз	Наурызмейрамы	
	Аралық бақылау(A ₁)	03–08 наурыз 2025жыл	<i>1апта</i>
	Пәнгетіркелу	14–19 сәуір 2025жыл	<i>1апта</i>
	1-мамыр	Қазақстан халқының бірлігі құні	
	7-мамыр	Отан Қорғаушылар құні	
	9-мамыр	Женіс құні	
	Аралық бақылау(A ₂)	28 сәуір–3 мамыр 2025жыл	<i>1апта</i>
	Аралық аттестаттау	05 мамыр–17 мамыр 2025жыл	<i>2апта</i>
	Корытынды бақылаудан (емтихан) «FX» бағасына алған жағдайдақайта тапсыру	12–17 мамыр 2025 жыл	<i>1апта</i>

Корытынды аттестаттау	Кешенді біліктілік емтиханыңдағындау	19–31 мамыр 2025 жыл	2 апта
	Кешенді біліктілік емтиханын тапсыру	02–28 маусым 2025 жыл	4 апта
	6-шілде Астана күні		

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Оқытудың кредит технологиясы бойынша төменде келтірілген негізгі түсініктемелер мен анықтамалар қолданылады:

Оқытудың кредиттік технологиясы (Credit Unit System) - білімгердің білімді өзбетімен менгеруіне, ойлау қабілеттілігінің дамуына, ізденіс қабілеттілігінің қалыптасуына бағытталған білім беру траекториясын таңдау арқылы жүзеге асырылатын, білім көлемін кредит түрінде жинақтайтын білім беру технологиясы.

Кредит (Credit, Credit-hour) – білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшейтін бірыңғай бірлік.

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)- бір оқу жылы ішінде демалыс күндері көрсетіліп (қысқы және жазғы каникулдар мен мерекелер) өткізілетін оқу және бақылау жұмыстарының, тәжірибелердің күнтізбесі. Білім алушылар факультетке бағдар беру аптасының басында келуі керек.

Академиялық дәреже (Academic Degree) - мемлекеттік аттестацияның қорытынды нәтижелері бойынша оқу бағдарламасын менгеруіне қарай университет түлегіне берілетін дәреже.

Академиялық мерзім (Academic Term) – теориялық оқу мерзімі: 15 аптадан тұратын – семестр.

Академиялық сағат (Academic hour)- лекциялық, тәжірибелік сабактардың 1 контакттылық сағатына (50 мин), студиялық сабактардың 1,5 контакттылық сағатына (75 мин), зертханалық және дene шынықтыру сабактарының 2 контакттылық сағатына (100 мин), практиканың кез келген түрінің 5 контакттылық сағатына (250 мин) тең.

Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндettі түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

Академиялық еркіндік – білім беру үдерісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін үйимдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

Еуропалық трансферт (аударым) және несиелік жинақтау жүйесі (ECTS) білім беру траекториясы, оқу орны және оқыту елі ауысқан жағдайда білім алушылардың игерген оқу пәндерін (кредит пен бағаларын қоса алғанда) салыстыру және қайта сынақтан өткізуде пайдаланылатын білім беру бағдарламалары компоненттеріне сынақ бірліктерін (несие) белгілеу әдісі.

Бакалавриат (Baccalaureate) – «Бакалавр» академиялық дәрежесін беретін жоғары базалық кәсіби білім деңгейі.

Бакалавр, магистр, доктор (bachallor, master, doctor) – жоғары базалық білімдеріне және ЖОО-нан кейінгі кәсіптік білімдеріне сәйкес білім алушыларға берілетін академиялық дәрежелер.

Маман дайындаитын кафедра – өз саласы бойынша маман дайындал шығаратын кафедра.

Ассистент, доцент, профессор (Assistant Professor, Associate Professor, Professor) -ЖОО-дағы оқытушы-профессор құрамының қызметтері.

Таңдау бойынша оқытылатын пән (Elective Courses) - кез келген академиялық мерзімде білім алушының қалауы бойынша таңдалынатын элективті пәндер (элективті пәндер тізімі жұмыс оқу жоспарында беріледі).

Пәндер каталогы – ағымдағы оқу жылында жүргізілетін барлық пәндер туралы керекті ақпараттары бар құжат.

Оқу пәніне тіркеу (курсқа жазылу) (Registration) –алдағы академиялық кезеңге (семестрге) білім алушылардың тіркелу процедуrasesы.

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ)–нақты білім алушылардың білім алу траекторияларын көрсететін, академиялық кезеңде үлгілік оқу жоспарына сәйкес элективті пәндердің каталогы негізінде әдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына өз таңдауымен тіркелген оқу пәндерінің және кредиттердің саны көрсетілген студенттің құжаты.

Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) — жоғары кәсіптік білім берудегі бағдарламалық материалдың білім алушылардың игеруін көрсететін сандық көрсеткіш.

Білімгерлердің білімін бағалау - рейтинглік бақылау нәтижелеріне байланысты баллдық жүйе бойынша жүргізіледі.

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндігін беретін балл түріндегі білім деңгейін бағалау жүйесі.

Межелік бақылау – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабактарда студенттердің білімін кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру.

Аралық бақылау 1 (Midterm Examination 1) - академиялық қүнтізбеге сәйкес білім алушылардың білім алу жетістіктерін теориялық оқудың ортасында оқытушының тексеріп бағалауы.

Аралық бақылау 2 (Midterm Examination 2) - академиялық қүнтізбеге сәйкес білім алушылардың білім алу жетістіктерін теориялық оқудың соңында оқытушының тексеріп бағалауы.

Емтихан сессиясы - ЖОО-да студенттерді аралық аттестаттау кезеңі.

Корытынды бақылау (Final Examination) – пәнді толығымен игергеннен кейін академиялық мерзім (семестр, курс) соңында жүргізілетін

бақылаудың түрі. Қорытынды бақылаудағы емтихан ауызша, жазбаша немесе тест түрінде өткізіледі.

Қорытынды мемлекеттік аттестаттау (Qualification Examination) - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған, білім алушылардың білім берудің лайықты бағдарламасын менгеру дөрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін, нәтижесінде мемлекеттік ұлгідегі құжат (диплом) берілетін процедура.

Аппеляция (Appeal) – білім алушы қорытынды бақылау нәтижесімен келіспеген жағдайда емтихан өткізілген күннің ертеңіне аппеляцияға беріп, өзінің білімінің дұрыс немесе дұрыс емес бағаланғандығын анықтау үшін жасалатын шаралар.

Оқу үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – Таңдаған бағдарлама бойынша білімгердің бір оку жылындағы қол жеткізген оку үлгерімінің орташа балл – аралық аттестацияның пәндері бойынша балдық бағаның кредиттік және сандық эквиваленттік қатынасы ретінде қабылданады. GPA баллбілім алушыны курстан курсқа көшіру үшін өту балы болып табылады. Білім алушыны келесі курсқа көшіруге рұқсат беретін өту балын курстар бөлінісінде ЖОО дербес белгілейді.

Транскрипт (Transcript) – білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар белгіленген нысандағы құжат.

Бағдар беру аттасы – 1 курс білім алушыларына оқытуудың кредиттік технологиясының негізгі ережелерін менгертуге арналған оку жылының басындағы атта.

Тіркеуши оғисі (Office of the Registrar) – білім алушыларды оқытылатын пәндерге жазумен айналысады, олардың бүкіл оку мерзіміндегі оқудағы жетістіктерін тіркейтін, білімінің аралық және қорытынды бақылауын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін қызмет.

Қайта тіркеу кезеңі (Add/Drop Period) – білім алушының бір курстан бас тартып, екінші курсқа жазылып ЖОЖ-ды өзгерте алатын кезеңі.

Пәнді қайтадан оқыту (Retake) - қорытынды бақылауда «Қанағаттанарлықсыз» («F») баға алған жағдайда пәнді қайта оқуы. «Қанағаттанарлықсыз» бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оку жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабак түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады. Мұндай жағдайда студент белгіленген тәртіп бойынша оку пәніне жазылу рәсімінен қайта өтеді және ақылы оқиды.

Үлестірге арналған белсенді материалдар (APM) (Handouts) - білімгердің білімге деген құштарлығының, ойлау кабілеттілігінің дамуына, ізденіс қабілеттілігінің қалыптасуына жағдай жасау мақсатында оларға сабакта үлестірілетін көрнекі және дидактикалық материалдар (лекция тезистері, мысалдар, өзіндік жұмыс тапсырмалары, глоссарий, т.с.с.)

Жалпы білім беру пәндер (ООД) (General Education Requirement (GER)) - әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және жаратылыстану пәндер циклы.

Міндетті компонент (Core Subjects) - білімгердің мамандығына сәйкес типтік оқу жоспарындағы міндетті түрде өтілетін пәндер тізімі.

Пререквизиттер, постреквизиттер (Prerequisite, Postrequisite) – белгілі бір пәнді игеру алдында оқылатын және осы пәнді игергеннен кейін оқытылатын пәндер тізімі.

Пән жоспары (*білімгерге арналған*) (Syllabus) - пәндердің мақсаты мен міндеттін, қысқаша мазмұнын, әрбір сабактың тақырыбы мен ұзақтығын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийін, жұмысты өткізу кестесін және пайдаланатын әдебиеттер тізімін қамтитын жұмыс оқу бағдарламасы.

Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) – пәнді игеру жоспарында студенттің өзіндік жұмысы деп анықталған тақырыптар бойынша орындалатын жұмыстар. СӨЖ-ы әдістемелік нұсқаулармен, қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етіледі және студенттің білімін тексеруге арналған тесттер жүйесі, бақылау жұмыстар тапсырмалары, коллоквиумдар, шығармашылық жұмыстар, рефераттар тақырыбы беріледі.

Оқытушының басшылығымен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы (СОӨЖ) - аудиториядан тыс, сабак кестесінде көрсетілген оқытушының жетекшілігімен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы.

Тьютор (Tutor) - сабак жүргізетін және білім алушының академиялық кеңесшісі рөлінде қызмет атқаратыноқытушы.

ПОӘК (*Пәннің оқу әдістемелік кешені*) – силлабустан, дәрістердің қысқаша конспектісінен, тәжірибелік, семинарлық және лабораториялық сабактардың тапсырмаларынан, СӨЖ тапсырмаларынан, тақырыптар мен сабак түрлері бойынша (кейстер, тапсырмалар жинағы, талдауға арналған мақалалар және т.б.) өзіндік жұмыстарға арналған оқу-тәжірибелік материалдардан тұратын оқу құралы.

Оқу жоспары - (Curriculum) оқылатын пәндер тізімін және реттілігін анықтайтын негізгі құжат.

Әдвайзер (Advisor) – білім алушыға академиялық мәселелер бойынша кеңес беретін маман дайындастын кафедраның оқытушысы, оқытуудың барлық кезеңінде білім траекториясын таңдауда және оқу бағдарламасын игеруде көмек көрсетеді. Топқа қатысты әдвайзер ұйымдастырушы, әдістемелік басшы, тәрбиеші, педагог-психолог.

Білім алушы – бакалавриаттың, магистратураның, PhD докторантураларын, екінші жоғары білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын тұлғалар.

Оқыту формасы (Forms of training) – күндізгі, сырттай, ұзақтан оқыту.

Сабакқа қатысу мен үлгерімнің электрондық журналы – оқытушылардың бүкіл академиялық кезең бойы толтырып отыратын ХҚТУ-дың «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйесіндегі on-line журналы.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемі оқу жылы бойында игерілетін кредиттермен өлшенеді. Университетте оқытын бүкіл кезең аралығында білім алушы мамандықтың мемлекеттік стандарты бекіткен қажетті кредиттер санын менгеруі керек. Әдетте қажетті кредиттерді менгеру төрт оқу жылы ішінде жүзеге асады. Эр мамандықтың оқу жоспарына пәннің

үш циклы кіреді: жалпы білім беру циклы, гуманитарлық және кәсіптік. Әр циклда міндетті компонент пен таңдауға негізделген компонент пәндерінің тізімі мен кредит саны бірге көрсетілген. Әр пән бір семестр бойы оқытылады, бірақ оқу жоспары пәндерді оқудың жүйелілігі және әр пәнді оқудағы пререквизиттерді қатаң есепке алу қағидаты негізінде құрылады.

Оқу жылы аралық бақылау, қорытынды бақылау (сессия), қорытынды аттестация (бітіруші курс үшін), тәжірибе мен демалыс күндері кіретін академиялық кезеңдерден (семестр) тұрады. Теориялық оқыту кезеңінің ұзақтығы жазғы семестрді қоспағанда 15 аптаға дейін.

Аралық аттестация кезеңі 2 аптадан кем болмау керек.

5 аптаға созылатын жазғы семестр өткізіледі, оған пәнді қайта оқу (Retake) кіреді, оның 4 аптасы теориялық оқытуға және 1 аптасы қорытынды бақылауға (сессия) арналады. Жазғы семестрде, әдетте, оқу бағдарламасы бойынша менгерілмей қалған пәндер, сондай-ақ басқа мамандықтан, басқа ЖОО-нан ауысып келген білім алушылар үшін пәндер оқытылады.

Әрбір пән бойынша сабактар және сабак кестесін құру білім алушылардың пәнге тіркелу негізінде жүзеге асырылады. Білім алушы мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарында көрсетілген кредиттердің белгілі бір мөлшеріне тіркелуі тиіс.

Білім алушыны алдағы оқу жылына оқу пәндерін оқып-игеруге тіркеу кафедралардың, деканаттардың, әдвайзерлер мен тіркеуші офисінің нұсқаулық және консультативтік көмегімен жүргізіледі. Тіркеуді жүргізу мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі.

Білім алушы өзінің жеке оқу траекторияларын әдвайзермен егжей-тегжейлі талқылағаннан соң пәнге тіркеу жүзеге асырылады, әдвайзер бекітілген жұмыс оқу жоспарларына және элективті пәндер каталогына сәйкес пәндерді таңдау мәселелері бойынша түсінік береді.

Университетке жаңа түскендер үшін мерзімдері академиялық кестеде көрсетілетін бағдарлау (үйымдастыру) кезеңі ішінде кредиттік оқыту жүйесімен, пәнге тіркеу рәсімдерімен жалпы танысу жүзеге асырылады.

Бағдарлау кезеңінде әкімшілік өкілдерімен, факультет декандарымен, кафедра менгерушілерімен, әдвайзерлермен кездесулер өткізіледі. Әрбір білім алушыға ID идентификациялық нөмірі (логин) беріледі, білім алушы сол бойынша жеке оқу жоспарын оқу пәндеріне on-line тіркеу жолымен тіркейді.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру үшін білім алушылардың білімдерін бақылаудың келесі түрлері мен формалары қарастырылған:

- ағымдағы бақылау;
- аралық бақылау;
- қорытынды бақылау.

Ағымдағы және аралық бақылауды өткізуінде формасын пәннің ерекшелігіне байланысты оқытушы белгілейді. Ағымдағы және аралық бақылаулар коллектив немесе компьютерлік тестілеу, жазбаша бақылау жұмысы, білім алушылардың пікірсайыстарға, дөңгелек үстелдерге, іскери

оыйндарға қатысуын бағалау, жағдаятты тапсырмаларды шешу және т.б. түрде жүргізіледі. Ағымдағы және аралық бақылау формасы туралы толық ақпарат пән бойынша жасалған силлабуста көрсетіледі және семестрдің алғашқы екі аптасында білім алушыларды хабардар етеді.

Оқытушы ағымдық және аралық бақылау және білім алушының ағымдағы бағасына сәйкес үлгерімінің барлық түрлерін жүргізеді (ағымдағы орташа арифметикалық бағасы және аралық бақылау). Сонымен қатар білім алушының оқудағы жетістіктері, орындаған тапсырмалары ережеге 100 балдық көрсеткішпен бағаланады.

Бағасын көтеру мақсатында аралық бақылау нәтижесін өзгертуге болмайды. Дәлелді себептерін (ауру, отбасылық жағдай, қызметіне байланысты) З күннің ішінде деканатқа хабар беріп, деканның өкімімен аралық бақылау немесе емтихан сессия мерзімін ұзартып, тапсыруына болады.

Сессияның ұзақтығы және емтихандардың саны мамандық бойынша бекітілген оқу жұмыс бағдарламасына және академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады. Соңғы емтиханды ұйымдастыру және өткізу жауапкершілігі деканға, оқу бөліміне, тіркеуші оғисіне жүктеледі.

Білім алушының үлгерімі білімді бағалаудың балдық-рейтинг әріптік жүйесі бойынша жүргізіледі (1-кесте).

Білім алушылардың білімін бағалау 4.0 балдық шкала бойынша жүргізіледі.

Білім алушылар барлық емтихандарды пәннің оқу бағдарламасы бойынша бекітілген жұмыс және жеке оқу жоспарына сай қатаң тәртіппен тапсырулары керек.

Қорытынды емтиханды өткізу барысында жақсы баға оқу пәні бойынша емтихан тізімдемесіне және білім алушының сынақ кітапшасына қойылады. F - «қанағаттанарлықсыз» бағасы тек емтихан тізімдемесіне қойылады.

Пән бойынша білім алушының қорытынды бағасы семестр кезінде алған аралық және қорытынды бақылаудың балдарын жинақтау жолымен құралады.

Пәннің қорытынды бағасының құрамына жіберу рейтингінің бағасы мен қорытынды бақылау бағалары кіреді. Ағымдық үлгерім бақылауының бағасы (жіберілу рейтингі) пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 60%-ын құраса, емтихандағы жоғары баға қорытынды бағаның 40%-ын құрайды.

Емтихан нәтижесін оқытушы тізімдемеге сай емтихан аяқталғаннан кейін 5 сағат ішінде «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйесіне енгізеді.

ЖОО басшысының бұйрығымен емтихан сессиясы кезеңіне (аралық аттестаттау) аппеляцияланатын пәндерге мамандығы сәйкес келетін оқытушылардан аппеляциялық комиссия құрылады. Егер білім алушы қойылған бағамен келіспесе, емтихан нәтижесі шықкан күннің ертеңінен кешікпей пән бойынша бекітілген аппеляциялық комиссияның атына аппеляцияға өтініш береді. Аппеляциялық комиссия 24 сағат ішінде

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	Канағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Канағаттанарлықсыз
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	«Пән аяқталмаған» (GPA есептейу кезінде есептелінбейді)
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	«Есептелінді» (GPA есептейу кезінде есептелінбейді)
F	0	0-24	
I (Incomplete)	-	-	«Есептелінбейді» (GPA есептейу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	
NP (No Pass)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептейу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	Пәннен академиялық себеп бойынша алыш тастау (GPA есептейу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)	-	-	«Пән тындалды» (GPA есептейу кезінде есептелінбейді)
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

етінішті қарап, бағаны қайта қарау немесе бастапқы алған бағасын қалдыру туралы комиссия отырысының хаттамасын жазуы керек. Аппеляциялық комиссия білім алушының жазбаша жұмысын немесе қабылданған ауызша емтихан нәтижесін қайта қарау негізінде шешім қабылдайды. Егер білім

алушы аппеляция нәтижесінде емтиханда алған бағадан төмен баға алса, онда ол транскриптке енгізіліп, GPA-ны есептегендегі соңғы баға есепкө алынады. Оку ісі жөніндегі вице-президент аппеляциялық комиссияның шешімін бекіткеннен кейін тіркеуші оғисі аппеляция нәтижесін енгізеді.

«W», «AU», «F», «AW» бағаларын пәнді қайта оқып өзгертуге болады, бірақ олардың бәрі транскриптке өзгерілген бағамен енгізіледі, бұл кезде GPA соңғы алынған бағамен есептеледі.

«F» бағасын алған жағдайда, білім алушының пәнді қайтадан оқуға (Retake) құқығы бар. Пәнді қайтадан оқу тек ақылы негізде жүргізіледі.

Таңдау пәнінен «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушының белгіленген тәртіп бойынша осы пәнді қайта оқуына немесе осы блоктағы басқа пәнді таңдауына құқығы бар. Пәндерді ауыстыру эдвайзердің және тіркеуші оғисінің келісімімен болады.

Егер білім алушы семестр ішінде аралық бақылаудан 30 балдан кем алмаса, емтиханға дәлелді себептермен (ауырғаны туралы құжаты студенттердің «Тұран» АИ орталығында куәландырылған болуы тиіс және т.б.) келе алмаған жағдайда, оған оқытушы «I» бағасын қоя алады. Білім алушы «I» бағасын алу үшін емтихан өткеннен кейін екі күннен кешікпей оқу ісі жөніндегі вице-президентке оқытушысы, факультет деканы, оқу бөлімінің бастығының визаларын қойып, емтиханға келе алмаған себептерін көрсетіп және осыны дәлелдейтін құжаттардың (анықтама) түпнұсқасын тіркең, өтініш береді. Егер емтиханға келмегені оқу ісі жөніндегі вице-президент келісімімен дәлелді деп танылса, білім алушыға «I» бағасы қойылады.

Оқытушы «I» бағасын стандартты («A», «B», «C», «D») бағаларға келесі семестр басталған соң 30 күннің ішінде, білім алушы силлабустың барлық талаптарын орындаған жағдайда, өзгерте алады. «I» бағасын стандарт бағаға өзгерту үшін білім алушы оқытушыға кездесіп, орындау үшін берілетін жұмыстың көлемі мен түрін анықтауға міндетті.

Оқытушының емтихан тапсыру үшін ұсынған кестесіне (өзге де жұмыстар) сәйкес тіркеуші оғисі «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйесіндегі бағаны өзгерту үшін емтихан паралықтың береді. Егер білім алушы көрсетілген уақыт ішінде барлық қойылған талаптарды орындағаса, тіркеуші оғисі оқытушының қолы қойылған емтихан паралықтың негізінде «I» бағасын «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасына ауыстырады. «I» бағасын қойған оқытушы белгілі себептермен университетте болмаса, кафедра менгерушісі «I» бағасын стандартты бағаға ауыстыруды басқа оқытушыға жүктейді. Егер білім алушы бағаны түзету мерзімі аяқталмай университеттен кетіп қалса, онда «I» бағасы транскрипте өзгеріссіз қалады.

«AU» бағасы қорытынды бағаны алмай-ақ пәнге қатысқысы келетін білім алушыларға қойылады. Мұндай пәнді өту Ахмет Ясауи университетінің белгіленген бағасы бойынша толық көлемде төленеді. Оқытылатын пәнге тындаушы ретінде тіркелген білім алушы ол туралы тіркеуші оғисіне хабарлауы тиіс. Мұндай білім алушының емтихан тізімдемесіне автоматты түрде «AU» бағасы қойылады.

Оқу пәнінің тыңдаушылары ретінде Ахмет Ясауи университетінің білім алушыларымен қатар университетте білім алушы ретінде тіркелмеген, бірақ оқу ақысын төлеген тұлғалар да қатыса алады.

Білім алушы «Add/Drop» қайта тіркеу аяқталғанға дейінгі бірінші аптаның ішінде пәннен бас тартатын шешімін негізделе факультет деканының атына өтініш жаза алады. Өтініш міндетті түрде әдвайзермен келісілуі тиіс. Мәселе оң шешілген жағдайда, деканның қолы қойылған өтініш тіркеуші офисіне жіберіледі. Білім алушының пән бойынша емтихан тізімдемесіне «W» белгісі қойылады. Бұл бағаны оқытушы өзгерте алмайды. Оқу пәніне төленген ақы білім алушыға қайтарылмайды.

Сабақ басталғаннан кейін 4 апта өткен соң білім алушы пәннен бас тарта алмайды, бас тартса, білім алушыға осы пән бойынша «F» бағасы қойылады.

«AU» мен «W» бағалары бар білім алушы несие ала алмайды.

«AU» мен «W» бағасы қойылған пәндер бакалавриаттың міндетті бағдарламаларына кірмейді және әлективті пәндерді ауыстыра алмайды.

Егер білім алушы мемлекеттік білім беру стандартында қарастырылған жалпыға міндетті пәндерден бас тартса, онда ол аталған пән бойынша қосымша ақы төлеп, басқа кезеңге тіркелуге міндетті. Осы талап мемлекеттік білім беру грантымен білім алып жатқандарға да қойылады. Білім алушы пәнди оқудан академиялық себеп бойынша әкімшілік тәртіппен (Academic Withdrawal), «AW» бағасы қойылып шеттетілуі мүмкін. Пәннен әкімшілік тәртіппен шығарудың себептері мыналар:

- оқылып жатқан курсқа ешбір себепсіз жүйелі түрде қатыспау (36 сағат);

-жеке тапсырмаларды, СӨЖ/МӨЖ орындауда, жұмыстарды тапсыру кестесін тұрақты түрде бұзу, ХҚТУ-дың басқа да оқу ережелерін бұзу;

- ішкі тәртіп ережелерін бұзу.

Оқытушы академиялық себептер бойынша білім алушыны оқу пәніне босатуға болатын қосымша шарттарды силлабуста көрсете алады.

Міндетті пәндердің қатарына енетін пәндерден әкімшілік жолмен шығарылған жағдайда білім алушы оны тек ақылы түрде қайта оқи алады. Пәннен босату оқытушы немесе әкімшілік тарапынан жүргізіледі, тізімдемеде «AW» бағасы қойылып, ол білім алушының транскриптіне енгізіледі. Оқу пәніне төленген ақы қайтарылмайды.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны көтермелеу мақсатында қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

GPA деңгейіндегі балды жинаған білім алушы университет президентінің бүйрекімен келесі курсқа көшіріледі. Курстан курсқа көшірілу үшін талап етілетін GPA балы оқу жылшының басында факультеттің Ғылыми кенесінде белгіленеді. Белгіленген GPA балын жинамаған білім алушы курсы ақылы түрде қайта оқуға қалдырылады. Курсы қайта оқуға қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспарымен оқуға немесе белгіленген тәртіп бойынша жасалған жаңа жеке оқу жоспарын құруға құқылы.

Білімгердің GPA (орташа балл) есептеу әдістемесі. GPA - бұл білімгердің орташа балл бойынша үлгерімінің бағасы. Білімгердің академиялық үлгерімінің бағасының орташа балы оның танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыруы, оқу үрдісін жоспарлауға, оның нәтижелілігінің жекеше талдауын жасауға мүмкіндік береді. GPA (*Grade Point Average*) бағалары – бұл «A», «B», «C», «D» және «F», сонымен қатар «+» және «-» белгілерімен белгіленеді.

Білімгердің таңдал алған оқу бағдарламасы бойынша академиялық үлгерімінің деңгейі орташа балл - GPA түрінде бағаланады, ол пән бойынша қорытынды баға мен кредит көбейтулерінің қосындысының (сандық түрде) оқудың ағымдық кезеңіндегі кредиттер қосындысына қатынасы.

GPA келесі тендеу арқылы есептелінеді:

$$GPA = \frac{E_1 k_1 + E_2 k_2 + \dots + E_n k_n}{(k_1 + k_2 + \dots + k_n)}$$

мұнда E_1, E_2, \dots, E_n (1,2,... n) – пәндердің сандық түрдегі қорытынды бағасы;

k_1, k_2, \dots, k_n (1,2,... n) – пәннің кредиті.

GPA балын есептеудің мысалы:

Пән	Кредит саны	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент
1. Қазақстан тарихы	3	A	4,0
2. Информатика	3	B+	3,33
3. Ағылшын тілі	2	B-	2,67

Қазақстан тарихы $4,0 \times 3 = 12$

Информатика $3,33 \times 3 = 9,99$

Ағылшын тілі $2,67 \times 2 = 5,34$

Туындылардың қосындысы = $12 + 9,99 + 5,37 = 27,33$

Кредиттің жалпы саны = $3 + 3 + 2 = 8$

GPA = Туындылардың қосындысы/кредиттің жалпы саны = $27,33 / 8 = 3,42$

GPA бағасы семестр қорытындылары, жыл қорытындылары немесе бүкіл оқу мерзімі қорытындысы бойынша есептелінсе болады.

Оқудың соңғы этапы - мемлекеттік қорытынды аттестация, ол білімгердің мамандыққа сәйкестігін анықтайды.

Талап етілетін GPA балын жинап келесі курсқа көшірілген білім алушы академиялық қарызы болған жағдайда оқу пәндерін тек ақылы түрде ғана қайта оқи алады.

Оқудың қайталау курсына қалдырылған білім беру грантының иегері болған білім алушы білім беру грантынан айрылады да, ары қарай оқуды тек ақылы түрде жалғастыра алады.

Білім беру грантының иегері болған білім алушы GPA-ның көшіру балын жинағанда және келесі курсқа академиялық қарызбен көшірілгенде білім алушы білім беру грантынан айрылмайды. Мұндай жағдайда олар қарызы бар оқу пәнін тек ақылы түрде қайта оқи алады және олардан емтихан тапсырады. Мамандықтар кестесіндегі бір кредиттің бағасын қаржылық-экономикалық жұмыстар жөніндегі департаменті анықтайды.

Шпаргалканы (қағаз немесе электронды түрде, телефон байланысы арқылы) қолданған жағдайда пән бойынша қорытынды бақылауда бағасы «F» қойылады.

Тәжірибелі ұйымдастыру және өткізу. Ахмет Ясауи университетінде білім алушылардың негізгі және міндетті тәжірибесіне – оқу, педагогикалық, өндірістік, ғылыми-зерттеу түрлері жатады. Тәжірибелі ұйымдастыру барлық кезеңде білім алушының мамандықты түбегейлі игеруіне, бітірушінің өз кәсібін жоғары деңгейде білуіне, яғни кәсіби дағдыны менгерудің реттілігін және үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы қажет. Тәжірибеден өтуші тәжірибесінің нәтижесі жазбаша есеп беру түрінде рәсімделеді және кафедра комиссиясында қорғалады. Білім алушының тәжірибелі өткізу нәтижесінің бағасы теориялық білімінің бағасымен теңестіріледі, тәжірибе бағасы шәкіртакы тағайындау мәселесінде және жалпы GPA есебінде, сонымен қатар курстан курсқа көшірілуде ескеріледі.

Университет білім алушыларына берілетін жеңілдіктер.

Университетте ақылы негізде оқитын білім алушыларға әр оқу жылында 2 рет басқосатын комиссия отырысында тұл жетім, жартылай жетім білім алушыларға және отбасылық жағдайы төмен оқу үлгерімі өте жақсы білім алушылардың қажетті құжаттары жиналып, ережеге сәйкес жеңілдіктерге ұсынылады және босаған квота орындарына конкурс негізінде ауыса алады. Сондай-ақ университет Өкілетті Кеңесінің шешімімен университетімізді алғашқы кезекте таңдаған ең жоғары ҰБТ балдарын жинаған тізімдегі бірінші студентке 9 ай бойында қосымша ай сайын 75 АҚШ доллары көлемінде төлемақы беріледі.

Университет ішінде ауысу, қайта қабылдау және білім алушыны университеттен шығару. Университетте білім алушылардың бір білім беру үйимынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір мамандықтан екінші мамандыққа ауыстыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қантардағы №110 қаулысымен бекітілген, ҚР Үкіметінің 10.04.2013 № 328 қаулысымен өзгерістер енгізілген ережеге сай жүргізіледі. Күндізгі оқу нысанында білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін білім беру үйимының басшысы қысқы демалыс кезеңінде (1-15 қантар аралығында, медицина мамандықтарында 1 ақпанға дейін) және

жазғыдемалыс кезеңінде (1 шілдеден 25 тамыз аралығында) қарастырады. Сырттай оқу нысанында білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін білім беру ұйымының басшысы қабылдаушы білім беру ұйымының кезекті емтихан сессиясы басталғанға дейін бір ай бұрын қарастырады.

Білім алушыға ақылы бөлімнен мемлекеттік грантқа ауысуы оқу бойынша жогары көрсеткіш болған жағдайда және КР БФМ талаптарына сәйкес вакантты орындар болған кезде рұқсат етіледі. Ахмет Ясауи университетінің студенті мынадай жағдайда университеттен шығарылуы мүмкін:

- өз еркімен;
- басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- оқу тәртібін бұзғандығы үшін (қайта оқу курсы үшін ауысу үйрігінде бекітілген мерзімінде немесе ақылы негізде пәнді қайта оқу үшін оқу ақысын төлемегендігі үшін);
- университетпен байланысын үзгендігі үшін, оқу сабактарын дәлелсіз себептермен үздіксіз жіберу (жіберілген сағат саны 20%-дан көп болса), академиялық демалыс мерзімі біткеннен кейін немесе шетелдік іссапардан соң ұзақ мезгіл сабакқа қатыспауды (екі апталық мерзімде);
- университеттің Жарғысы мен ішкі тәртіпті бұзғандығы үшін (сабакқа мас күйінде келуі немесе сабакта спирттік ішімдіктерді пайдалануы, университет қабырғасында құмар ойындар ойнауы, университет мүлкін бұлдіруі, жатақханада тұру тәртібін бұзғандығы үшін, университетте қоғамға қарсы қылышы үшін, ауыр зардаптарға соқтыратын еңбек және өрт қауіпсіздігін бұзғандығы үшін);
- университетте «Студенттердің тәртіп сақтау» регламентіндегі оқудан шығарылатын пункттерінде көрсетілген тәртіп бұзғандығы үшін.

Білім алушының қорытынды аттестациясы. Білім алушылардың қорытынды аттестацияға жіберілуі қорытынды аттестацияның басталуынан екі апта бұрын студенттердің тізімі бойынша факультет деканы өкім береді және МАК-қа ұсынылады. Диплом жұмысын рецензиялау өзге ұйымдардың сыртқы мамандары арқылы ғана жүзеге асырылады, яғни қорғалған жұмыс бағыты жоғары біліктілікке сай болуы қажет. Диплом жұмысын қорғау МАК-тың ашық мәжілісінде өткізіледі. Мемлекеттік емтиханды тапсыру мен диплом жұмысын қорғау нәтижесі сол өткізілген күні жарияланады. Бағаны жоғарылату мақсатында мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға және диплом жұмысын қайта қорғауға рұқсат берілмейді. Емтихандарды және дифференциалды сынақты A, A- – «өте жақсы»; B+, B, B- – «жақсы» бағаларға тапсырған және оқудың барлық кезеңінде орташа үлгерім балы (GPA) 3,5-тен төмен болмаса, сондай-ақ мемлекеттік емтихандарды және дипломдық жұмысты A, A- – «өте жақсы» бағага қорғаған білім алушыға үздік диплом беріледі. Егер білім алушы оқу кезінде емтиханды қайта тапсырса, осы ережелердің талаптарына сәйкестігіне қарамастан, үздік диплом ала алмайды. Қорытынды аттестациядан өткен және

жоғары білімнің кесіптік оқу бағдарламасын меңгергендігі дәлелденген білім алушыға МАК-тың шешімімен тиісті мамандығына сәйкес «бакалавр» академиялық дәрежесі тағайындалады және мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен беріледі.

Егер «F» «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда қорытынды аттестацияның сол кезеңінде мемлекеттік емтихандар немесе диплом жұмысын қайтадан қорғауға рұқсат етілмейді.

Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері. Әр білімгер өркениетті қауымдағы еркін адамның барлық негізгі құқықтарын қолдана алады және басқа адамдардың құқықтарымен санаса білу керек.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ білімгерлерінің құқықтары:

- мемлекеттік жалпыға бірдей стандартына сәйкес білім алуға құқылы;
- келісім шарт негізінде ақылы түрде қосымша білім алуға құқылы;
- адам қасиеттерін қадірлеуге, өз көзқарасы мен пікірлерін еркін айта білуге, жиналыстарға ашық түрде қатысуға, бұқаралық ақпараттарда еркін шығуға және саясатты тандауының еркін болуына құқылы;
- оқу процесін ұйымдастыруға тиісті емес өзі туралы мәліметтерді университет әкімшілігіне беруге міндетті емес, егер де ол мәлімет оның өзіне және жақындарына қауіпті болса;
- білімгер туралы Университетте жинақталатын мәліметтердің конфиденциалды болуына құқылы;
- әр білімгер оған қойылатын кінәға әділ шешім шыгарылатынына сенімді болуы керек, сонымен қатар өзінің кінәлі емес екенін дәлелдеуге құқылы;
- әр білімгер ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуына байланысты мәселелердің уақытылы және әділ қарастырылуына құқылы;
- кез келген конфликтілі жағдайлар бойынша (қойылған бағамен келіспеушілік, университет ережелерін бұзу туралы қойылған кінәмен келіспеушілік және т.с.с.) университеттің комиссиясына шағымдануға құқылы;
- университеттің кітапханаларымен, ақпараттық қорымен оқу, ғылым, емдеу тағы да басқа бөлімшелердің қызметтерімен ақысыз пайдалануға құқылы;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлерінде, конференцияларда, байқаулар мен олимпиадаларда, өз еңбектерінің қорытындыларын ашық баспада жариялауға құқылы;
- оқыту сапасы туралы пікірлерін және сапасын жетілдіру туралы ұсыныстарын айтуда құқылы;
- білімгерлердің өзін-өзі басқару органдарын және білімгерлік қоғамдық бірлестіктерін құруға құқылы;
- университеттің, факультеттің басқару органдарына сайлау және сайлануға құқылы;
- заңдастырылған тәртіп бойынша оқуды қайта жалғастыруға және басқа ЖОО-ға ауысуға, бір мамандықтан екіншісіне ауысуға құқылы.

Білім алушылардың міндеттері:

- университеттің ішкі тәртіп Ережелерін сақтап, орындау;
- білімгердің Ар Кодексінің талаптарына сай болу;
- таңдалынған бағыттағы теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды толық менгеру;
- білімгер жеке оқу жоспарын деканатқа уақытылы тапсыру керек (бірінші курсбілімгерлеріне 10 қырқүйекке дейін, ал жоғары курс білімгерлеріне жазғы семестр соңында пәндерді таңдау);
- оқу пәндері бойынша өзіндік жұмысты орындау;
- сабакты жібермей және уақытылы келу;
- денсаулығына байланысты сабактан қалған жағдайда білімгер деканатқа медициналық анықтаманы уақытылы өткізу керек;
- университеттің инвентарын, оқу-әдістемелік құралдарын ұқыпты қолдану;
- мәдениетін және кәсіптік біліктілігін жетілдіруге міндетті;
- оқуға білімгерге тән киіммен келу;
- сабак кезінде тамақ-сусын ішуге, телефонмен сөйлесуге болмайды;
- оқу үрдісіне және оқудан тыс шараларға жауапкершілікпен қарау;
- оқытушылар және курсастарын сыйлай білу керек.

Білімгерлер өз денсаулығына қарауға міндетті, сонымен бірге рухани байлығын көтеруге және салауатты өмір сүруге ұмтылуы керек. Міндеттерін орындаған білімгерлерге тәртіп сақтау ережелеріне сай шаралар қолданылады.

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ «БІРЫҢГАЙ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН» ЖҮЙЕСІ

Білім порталы инновациялық жобасының іске қосылуы студенттердің, ата-аналардың емтихандар кестесін, рейтинг нәтижесін және аттестаттауды көруіне толық мүмкіндік береді. Ахмет Ясауи университетінде оқу үдерісін басқаруға мүмкіндік беретін ақпараттық инфрақұрылым «Бірыңгай автоматтандырылған» жүйе жұмыс жасайды. «Бірыңгай автоматтандырылған» жүйе студенттерге, оқытушыларға, әдіскерлерге, оқу және әдістемелік бөлімдерге, басшылыққа кіруге болады.

Бұл жүйеде студент мынадай мүмкіндіктерге ие:

- жаңалықтар мен хабарландыруларды көру;
- элективті пәндер каталогына кіру;
- мамандықтың оқу жоспарын көру;
- пәндердің оқу-әдістемелік материалдарына кіру;
- ағымдық және қорытынды аттестацияны көру;
- әдвайзер және оқытушылар туралы ақпаратты көру;
- әр оқу жылына GPA балын көру және т.б.

Сонымен қатар студенттердің ата-аналары өз балаларының оқудағы үлгерімін бақылай алады. Студенттердің кез келген уақытта оқу гимараттарында орналасқан Ақпараттық киосктерден өздеріне қажетті мәліметті көріп біледі.

Тіркеуші офисі студентті тіркеумен, студентті оқу пәндеріне қайта тіркеумен, студенттің жеке оқу жоспарын бақылаумен, студенттің аралық және қорытынды бақылау өткізумен, студенттің академиялық үлгерімін жазып сақтау және ұйымдастыру жұмыстарымен айналысады.

СТУДЕНТТИК ӨМІР

Жоғары оқу орнында оқыған немесе оқитын әрбір білім алушыбиография беттерінде ең жарық, қызықты кезеңдері өтеді. Жастық шаққа толы әрекеттің асқан қайратымен, қызу қанықсан өмірімен, білімдерін жинақтап және әлемдегі жетістікке жетуге үмтүлады.

Білім алушы көптеген жетістіктерге жету үшін біздің университетте оларға барлық жағдай жасалған. Ахмет Ясауи университетіндегі білім алушылардың өзін-өзі басқаруы – бұл өз бетінше қоғамға айрықша мән беріп, алдына қойған мақсаттары мен міндеттерінің ұжымдық қызметтерінде жүзеге асуына ат салысады. Студенттің өзін-өзі басқаруын үйымдастыру академиялық топ деңгейінде және факультетте құрылады.

Спорттық сауықтырукешені. Университетімізде жастарды салауатты да, дені сау етіп тәрбиелеу жұмысы жүйелі жүргізіледі. Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастырыу үшін спортклуб бөлімінде 13 спорттық секция



жұмыс істейді, оған 669 студент қатысады. Олармен 5 аға бапкер оның ішінде екеуі КРЕСЖ, 4 бапкер және 3 спорт нұсқаушылары жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Студенттер арасында факультетаралық спартакиада әр семестр сайын үйымдастырылады.

«Ұлт денсаулығы – табысты болашағымыздың негізі» атты оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасындағы дәстүрлі спартакиадада оқу жылында 2 рет үйымдастырылады.

Кафедрадағы үйірме мен клубтар. Факультеткафедраларында үйірме мен клубтар мұдделеріне қарай құрылған:

- Ғылыми – кәсіптік,
- Саяси- қоғамдық,
- Мәдени- бұқаралық,
- Тілдік.

Білім алушылар кафедрадағы кез келген үйірмеге немесе клубқа әдвайзерлер арқылы жазыла алады. Университетте студенттер үшін құрылған: Тәрбие кеңесі, Мәдениет орталығы, Продюсерлік орталығы, Жастар үйімі, Спортклуб, жатақхана дирекциясы, деканаттар, өнер үйірмелері, студенттік клубтар, студенттік ректорат, студенттік театр, студенттер Альянсы, Жас отан, студенттік деканат, спорт үйірмелері жұмыс атқарады.



Қазақстандық патриотизм – көп ұлтты халқымызды бір мақсатқа топтастырып отырған ерекше құбылыс. Осы түрғыда университетте Тәрбие кеңесі «Патриоттық тәрбие беру моделін іске асыру түрлері мен құралдары» атты бағдарлама жұмыс атқарып келеді. Жас үрпақтың тәрбиесіне қойылатын жаңа заман талабы – ол өз Отанын, елін

құрметтейтін, өзін-өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсаттарына жете алатын, адамгершілік құндылықтарды қастерлейтін тұлғаны қалыптастыру үшін тәрбие үдерісін ұйымдастыруды кешенді түрде қарайды. Университеттің тәрбие және ұйымдастыру бағыты бойынша жұмыс атқаратын барлық бөлімдердің, факультеттердің, топ тәлімгерлерінің атқаратын тәрбие жұмыстары сапалы әрі патриоттық тәрбие беру бағыты бойынша Жастар саясаты саласында әлеуметтік-саяси, экономикалық, этносаралық байланысты дұрыс қалыптастыру және мемлекеттік саясатты түсіндіруге бағытталған іс-шараларды өткізу кеңінен қамтылған.



Продюсерлік орталық. Университетімізде мереке күндердегі іс-шаралардың өткізілуі және талантты студенттерді өнерге баулып жарыққа шығару - негізгі мақсат. Университетіміздің Мәдениет орталығында өткізіліп жатқан мерекелік бағдарламалардың барлығы осы орталықтың сараптамасынан өткізіліп сахнаға шығарылады.

Жатақхана дирекциясы. Университетіздің студенттері жатақханамен қамтамасыз етіледі және жатақханадағы мәдени іс-шараларды жоспар бойынша атқарады. Жатақхана дирекциясы Студенттік ректоратпен тығыз қарым қатынаста жұмыс жасайды. Студенттік ректоратта Жатақхана проректоры бар.

Жастар үйымы және Студенттік ректорат. Жастар үйымы - мемлекеттік жастар саясатын жүргізе отырып, студенттердің оқу-тәрбие, шығармашылық және қоғамдық жұмыстарымен айналысады. Үйымның негізгі мақсаты - жастардың қоғамдық өмірге белсендерлікпен араласуы, қоғамның жастар туралы көңілге қонымды, объективті пікірінің қалыптасуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, жастардың лидерлік қабілеттерін арттыру бағытында жұмыс жасайды. Жастар үйымында тәраға және маман қызмет атқарады. **Студенттік ректорат** - студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі негізінде құрылып, барлық факультеттердегі студенттердің арасынан белсенді болып, сайлау арқылы өз факультет студенттерінің қолдауына ие болған студенттердің бірлестігі. Студенттік ректорат Тәрбие кенесінің барлық құрылымдарымен бірлесе отырып жұмыс атқарады